Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

# ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ



Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ

# ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

АЛМАТЫ
«ЖІБЕК ЖОЛЫ»
2010

# МАЗМҰНЫ

1-тарау. АСТАНА АҢСАРЫ

Мақсатты айқындау....13
Замана зымыратқан жұлдыздар... ....31
Атаулар керуені... ....59
Алматы көкжиегі... ....67
Астана ажары....79
Өңірлік өрлеу өзегі... ....92

2-тарау. ҚАЛА ШЕЖІРЕСІ

Ежелгі қоныс, ескі жұрт... ....113
Тарихтан танабында таңба қалған... ....119
Табиғат құдіреті... ....122
Арқада туған алып... ....133
Ел қондырдық Есілге... ....135

3-тарау. ЕЛОРДА ЭСТЕТИКАСЫ

Кеңге созған құлашын ... ....185
Қалауын тапса, қар жанар... ....199
Стиль кепілдіктері... ....221
Әсемдікке іңкәрлік... ....234
Айрықша назар аймағында... ....250
Мәуелі бәйтерек... ....255
Есілдің сол жағасы, оң жағасы... ....262
Астананың бас қалқаны... ....281
Кемел келешекті сезіну... ....289







*Шынайы бақытқа жеткізетін істерде тұрғындары өзара көмектесу мақсатын алға қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал азаматтары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам.*

***Әбу Насыр әл-Фараби***

Тарихшылар әлі күнге дейін жер бетінде алғашқы қала қайда, қашан пайда болды деп таласады. Сірә, бұл маңызды емес шығар. Ең бастысы, қалалар адам, халық және өркениет тарихының ең шиеленісті, шаттықты және опықты оқиғалары өткен жерлерде пайда болды және бола береді. Алайда өткеннің, бүгіннің және болашақтың «түйін» түйген жерлерінде айрықша оқшауланып астаналар тұр. Оларға әр халықтың кеңістік пен уақыт арқылы өзінің даму жолында жасаған ең басты жетістіктерін әйгілеп көрсету абыройы бұйырды. Дәуірдің табы мен мәнері екі-үш айшықты сызбамен бейнелене береді. Эйфель мұнарасы, Вестминстер, Кремль... Бұл астаналық нышандар – әлем картасының ең үздік жолбасшылары. Олар бүл күнде солай жаратылған сияқты қабылданады. Алайда олар белгілі бір адамдардың дарынымен және еңбегімен жасалған. Астананы құру – ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазу. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мыңжылдықтың тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық. Қас қағымдай болып сегіз жыл өте шықты. Күнделікті қауырт тіршіліктен қолым қалт еткенде, мен осы кітапта күнделік жазбаларымның шашыраңқы беттерін біріктіруді ұйғардым. Күрделі шешімдер, қанаттастардың көмегі, сәулет саласындағы ізденістер, қаланың болашағы туралы ойлар, өлкенің аңыздары мен жер-су атаулары, тұрмыстың түйткілдері, тарихи салыстырмалар, Астананың бедері мен әсемдігі, бір сөзбен айтқанда, жаңа елордаға арналған менің ойларым мен істерім – бәрі-бәрі осында.



1-ТАРАУ

# АСТАНА АҢСАРЫ

